

821.512.122

A 13

Әділбек АБАЙДІЛДАНОВ

Шығармалары



Әділбек
АБАЙДІЛДАНОВ

ШЫГАРМАЛАРЫ

Өлеңдер мен поэмалар



Астана-2013

УДК 821.512.122-|

ББК 84 (5Каз)7-5


A 13

A13 Абайділданов Ә.
Шығармалары. Өлеңдер мен поэмалар. – Астана: Фолиант,
2013. – 400 б.

ISBN 978-601-292-716-0

Бұл кітапта Әділбек Абайділдановтың өнегелі өлеңдері мен пасат биігіндегі поэмалары топтастырылған. Жинақта жүйріктің шабысын, даланың дауысын, жүректің қағысын жырларымен үндестірген ақын жаны өлецмен бірге өрілгендей өсер қалдырады.

Кітап жырсүйер қауымға арналған.



УДК 821.512.122

ББК 84 (5Каз)7-5

ISBN 978-601-292-716-0

© Абайділданов Ә., 2013
© «Фолиант» баспасы, 2013

ҚЫРАН ТЕКТІ ТАЛАНТ ЕДІ

Әділбек ақынды алғаш рет өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Жазушылар одағында көрдім. Шашы қара көмірдей, аққұба өнді, бойы ортадан жоғары, қыран қеуделі, сымбатты жігіт ағасы екен. Шалқая қарап, тік жүретін түрпаты басқалардан ерекше көрінді. Бір қарағанда тәкаппарлау көрінгенімен, тілдесе келе кімді болсын бауырына тартып, үйіріп өкететін жайдары жүзі күні бүгін көз алдымда.

Ол әдебиетке өз даусымен, өз өрнегімен келген тегеурінді талант болатын. Туған өлкесін шабыттана жырға қосқан, кез келген тақырыпта еркін көслетін, Ілияс ағасынша кеңге сілтейтін, жалған, жадағай, жылтырауық сөздерден бойын аулақ салған, қазақы қара өлеңнің нағыз бел баласы еді ол.

*Оу, далам, кемеңгерім, асыл арнам,
Жайсаң бел, жомарт жазық, жасыл орман.
Кеудеңді кернеп өскен құт-береке,
Кеудеңде үялаган тосын арман.*

*Мінезің бала күннен таныс маган,
Мың өасыр мейіріңді тауыстаған.
Оянып шырт үйқыдан, жетем саган,
Үніңді ести қалсам дауыстаған.*

Ақынның туған ел мен туған жерге деген ыстық махаббатқа толы туындылары оқыған жанның көнілін толқытпай қоймайды. Өсіреке, оның «Қыран» поэмасы заман қысымына қарамастан қазақ халқының азаттыққа деген аңсарын қыранның тағдыры арқылы бейнелеген бірегей шығарма болды.



*O, шіркін, арымайтын ар қанаты-ай,
Қагылар күнің болды-ау арман алты ай.
Тасыңа төсін бассын, мауқын бассын,
Көзіне бір көрінші, қайран Алтай.*

Қан жұтты, қара жерді жастанды кім?!
Керемет ерлік өтті-ау бастан бүгін.
Айшылық аралықты асып өтіп,
Жеткізбек енді еліне ол бостандығын.

Ақын бүгінгі Тәуелсіздік таңының алтын сәулесін сол күндердің өзінде-ақ сезіп-білгендей әсер қалдырады.

1932 жылы Алматы облысы Ақсу ауданының Бақалы ауылында туған болашақ ақын 1950 жылы Лепсі педучилищесін бітіргеннен кейін Ақсу ауданының Октябрь жетіжылдық мектебінде мұғалім болған. 1956 жылы ҚазМУ-ге түсіп, алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде жарық көрген жас ақын газет-журнал жұмысына ерте аласқан. 1956-1959 жылдары Талдықорған облыстық «Советтік Жетісу», бертін келе Алматы облыстық «Жетісу» және «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет істеген. Оның соңында «Салтанат», «Қыран», «Алыс көкжиек», «Маржан», т.б. көптеген жыр кітаптары қалды.

Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті. М. Лермонтов, И. Франко, т.б. шығармаларын, орыс-кеңес поэзиясының антологиясын аударуға қатысты. 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Латын Америкасының ақындары» жинағынан Г. Мистраль мен П. Неруданың өлеңдерін, 1976 жылы «Өнегелі адамдар өмірі» сериясымен жарық көрген «Николай Островский» атты кітапты аударған.

Қысқа өмірінде туған халқымен бірге жасайтын ғұмырлы шығармалар қалдырған Әділбек ақынды қазақ елі ешқашан ұмытпасына кәміл сенеміз. Қолыңыздағы ақын шығармаларының толық жинағын шығаруға мұрындық болған – қызы Ботагөз бен күйеу баласы Жұнісбек.

*Несілбек Айтұлы,
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері*



Өлеңдер

ӨМІР ӨЗЕКТЕРІ

ДАЛАМЫЗДЫҢ СИПАТЫ

Құба жон, қоңыр самал, заңғар аспан,
Шартараң, сағым жүзген, қаздар үшқан.
Бұл дала – негізінде сұлу дала,
Көлінде кербез аққу назданыскан.

Шығатын қар жастанып қырау қыстан,
Алдында дүшпандары құрақ үшқан.
Бұл дала – негізінде батыр дала,
Көгінде көк найзалы қыран үшқан.

Масайрап жатқан бұл бір асыл арна,
Ажары адамымен ашылар ма?
Ерлігі үлдарының азыз болып,
Жыр болған сұлулары ғасырларға.

Өң-көрік, бұл далада жетеді нұр,
Шың болса басы құзар, етегі – гүл.
Сұлу мен батыр ғана жарасатын,
Аққу мен ақиықтың мекені бұл.



АЛТЫБАҚАНДАҒЫ ӘН

Тып-тыныш көше. Сая бақ.
Дыбыс жоқ, шу жоқ өнірде еш.
Қоңыржай самал аялап,
Қонақтап тұрған қоңыр кеш.

Дастархан жайып аулаға,
Дамылдаپ отыр үй іші.
Тамылжып тұрған ауаға
Алманың сіңген иісі.

Маза жоқ менде алайда,
Тербеліп көкте Ай-дағы.
Тұнжырап тұрған маңайда
Көмескі мұң бар қайдағы...

Эфирден кенет естілді
Сыңсыған, зарлы қыз әні.
Тұнере тыңдал кеш тұрды,
Құлағын тұрген құз әні.

«Елім-ай» әні зар айтып,
Жүрекке бір шоқ басқандай.
Ауадағы үнді зорайтып,
Тербеліп тұрды аспанда Ай.

Не болсын ыстық еліндей,
Жылау ғой мынау, жыр емес.
Осы әннің сүйемеліндей
Көзімнен өтті бір елес.

...Мұң басқан тұнде жарық Ай,
Жарқырап жалғыз жапанда;
Қара көз, қайран ару-ай
Зар төккен алтыбақанда.



«Қаратау. Маңып босқан ел,
Келеді ілбіп ол зорға.
Шейіт бол жауға қосқан ер,
Жетекте қайтқан боз жорға...»

Болар ма мұнша көп қайғы
Әнінде мынау арудың?!
Ағасын мәңгі ол жоқтайды
Ұшында кеткен қарудың.

Тербеліп алтыбақанда,
Сүйектен өтер мұң даусы.
Қара түн киген жапанда
Қаралы дала – тыңдаушы...

Мұң басқан түнде жарық Ай,
Жарқырап жалғыз жапанда;
Қара көз, қайран ару-ай
Зар төккен алтыбақанда...

...Сол ару алтыбақанды
Апарып кекке құрғандай;
Осынау өнді Ай қазір
Аспанин айтып тұрғандай.

ХАНТӘҢІРІ

Көз алмай, көркіне оның тойған дала,
Кім екен құдайға атын қойған балап?
Тәбесі көкті тірең, тау тәңірі
Жаһанға айқайлап тұр мен мұндалап.

Не бір шың табан асты жаншылып құр,
Аспанға ол найзадай бол шаншылып тұр.
Жетпеген тәбесіне қыран ұшып,
Көрмеген тәбесіне жан шығып бір.



Мыңқ етпей, мың ғасырға түрі сынбай,
Пай-пай-пай, қасқарып, паң тұрысын-ай!
Тіреліп қалам ба деп, тұсында оның
Алады өрең-өрең тынысын Ай.

Тау емес, шың емес, бұл – ғажап ертек,
Жылиды ару Күнге ажары өнтек.
Көк сауыт кеудесіне күркіретіп
Жаниды ұстарасын нажағай тек.

Телміртіп тек өзіне шың-құздарды,
Желпінтіп қазақтарды, қыргыздарды,
Тұн болса-ақ, шырқау көкте жан-жағына
Уыстап шашады-ай кеп жұлдыздарды.

Даурығып меммін дейміз тірі мықты,
Тәңір-шың қайтсін ондай ірілікті?!

Қасқып көк жүзінде, үн-тұнсіз-ақ,
Айқайлап айтып тұр ол ұлылықты.

ПРОМЕТЕЙДІҢ АСПАНҒА ҚАРАП АЙТҚАНЫ

«Прометей – философия календарындағы
ен мейірбан әулие және тап сондай азапкер».
K. Маркс

Оу, аспанның хақ тәңірі, Зевс атты құдайы,
Келемін мен бір өзіңе қарғыс айтып үдайы!

Мен Прометеймін!
Қамын ойлап адамзаттың, халықтың,
Ұрпақ үшін Олимптен¹ сол от үрлаған алышын.

¹ Олимп – ескі грек мифологиясында құдайлардың тұратын жері



Көзім өбден жеткен бүгін өтірігіңе, шыныңа,
Шегелетіп тастасаң да мені Қавказ шыңына.

Бауырымды қанға құмар қырандарға шоқытып,
Мен тірімін!
Менмін – саған қарап тұрған шоқы тік.

О бастан-ақ, құдай, сенің бағаң менен кем еді,
Замандардан ұлы ақындар мені жырлап келеді.

Құдаймын деп қасарыспай, маған табын одан да,
Мен тірімін!
Менің жаным – бойда оты бар адамда.

Сол от – сонда қызғаныштан ішінді оттай күйдірген,
Сол от – бүгін жерге сенің басынды да идірген.

Адамзатқа мен сыйлаған от мартенде лаулады,
Содан шыққан корабльдер аспаныңда заулады.

Мықты болсаң, сен солардың жолын бөгеп көр бүгін!
Қолбайлау боп келмеп пе еді, құдай, сенің қорлығың.

Көкке қарап қол жаймап ед саған қанша бейбақтар,
Сен соларға көзің қырын салып едің қай уақта?

Шерлі біткен атынды атап, зар жылады емес пе,
Естімейтін керен бе едің, соқыр ма едің сен әсте?!

Айтшы, көне, құдай болып кімге бердің қол ұшын,
Сені мәңгі жек көремін о бастан-ақ сол ұшін.

Жер бетінде қасиетті – адам көрген азап та,
Жақсы білем бұл жайды мен, тірі түскен тозаққа.

Көз тасташы, көріне ме гүл оранған далалық,
Адамдардан қалған бүгін саған сенген балалық.



Сен құдайға жалынғанша, адал тері ағылсын,
Олар, сірә, сені тіпті керек қылышп неғылсын?!

Сеніменен тірестім мен, құрестім мен ұдайы,
Тек жер емес, Адам бүгін – аспанның да құдайы.

КӨКТЕМДЕ

Құстар, құстар, көктемге күә құстар,
Желпінеді ауада жылы ағыстар.
Жалт етіп бір өтеді қарлығаш бол
Жалтылдаған жанарада қуаныштар.

Балғын жастық, осы ма бал кез деген,
Қайтсін тыңдал бұл дала әнді өзгеден?
Айхой, дала! Керіліп бораздамен,
Қолын қойып мандайға мал көздеген.

Дабылды күй сағыныш сазға ауыскан,
Шіркін, дала, елтіген қаз дауыстан...
Егін салып, мал бағып, от маздатып,
Далада жүр еңбекшіл Қазақстан.

ҚЫРМЫЗЫ ҚЫР...

Қырмызы қыр жұпарын бүрқыратып,
Құлын-тайын беткейде шүрқыратып,
Елестесе шалғайда жүргенінде,
Жібереді-ау жанынды шырқыратып.

Көкшіл мұнар тау біткен мандайына,
Тоқсан толғар құс біткен таңдайына,
Кеудесінде тербетіп қуанышты,
Қиындықтың төзген ол қандайына.



Тамылжытқан таң жырын дала мынау –
Дархандықтың көгінде дара жырау.
Ақ самалын құмарың қанбай жұтсан,
Бұдан артық бақыт не, қарағым-ау?!

ДАРХАН ДАЛАМ

Оу, далам, кемеңгерім, асыл арнам,
Жайсаң бел, жомарт жазық, жасыл орман!
Кеуденді кернеп өскен құт-береке,
Кеуденде ұялаған тосын арман!

Жадырап жатырсың сен жанарымда,
Жаралған жаным сенен және арым да.
Тұғырдан түлеп үшқан ұямсың сен,
Өзіңсің – тілеп ұшып, қонарым да.

Мінезің бала күннен таныс маған,
Мың ғасыр мейірінді тауыспаған.
Оянып шырт үйқыдан жетем саған,
Үнінді ести қалсам дауыстаған.

Шығамын тайраң басып төріце мен,
Күйкентай құсың бол та көрінер ем.
Теңселіп, талың болып тұрып қалам,
Мен сені сүйгендіктен тебіренем.

Шіркін-ау, не деп кеттің құс тілімен,
Оңыпты-ау жерге жайған түсті кілем.
Күз ғой деп жаба көрме қабағынды,
Жанымның жылытамын ыстығымен.

Күнің жоқ ерен бұлқып, бусанбаған,
Жұпарын бұрқыратқан жусан далам.
Сен кейде күн демейсің, түн демейсің,
Осы бір қасиетінді қисаң маған.



Өзекте өзендерді жарыстырып,
Қолынан көк теңізге табыс қылыш;
Қыс пен жаз, көктем мен күз – киімдерің,
Жатасың алма-кезек ауыстырып.

Көзің – көл, айнадай бол көрінетін,
Ақку құс айдыныңда керілетін.
Жаралған сұлулықтан сайын далам,
Ұйықтасам, түсіме де сен кіретін.

Көгінде тарап жатыр қайда құстар?
Ауанды жай жылжыған майда ағыс бар.
Жатады кең кеуденде көшіп-қонып
Бар тірлік, өмірі бар қозғалыстар!

Аспаннан жер бетіне таралып нұр,
Самалмен толықсиды, таранып қыр.
Торсифан масақтарда аппақ дәндер
Сүт емшек сөулелерден жаралып тұр.

Тұн болса-ақ от ойнатып омырауың,
Қойнаудан естіледі қоңырау үн.
Дән тартқан машиналар безектейді,
Безілдейді сергек күй «Балбырауын».

Діріл ап Ай да сенің жүрегіңнен,
Сыбырлап сөйлеседі тұн егінмен.
Жоныңда жортып жүрген комбайнның
Құс жолы сауылдайды шүмегінен.

Жер-көкті дүбіріңмен оятасың,
Жүзінді таң нұрына боятасың.
Оу, далам, шалғайыңдан Күн шығарып,
Фашық қып Күнді өзіңе қаратасың.

Заманға дастарханың жиылмапты,
Қадірің, барған сайын сыйың артты.
Ғасырдың ақ жолында келесің сен,
Бектеріп қанжығаңа миллиардты.



ШЫҢҒА ШЫҚҚАН ҚАРАҒАЙ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жонғар тауда қожыр-қожыр,
тарғыл қара таулар көп,
Үңгірлерін мекендеғен баяғыда жаулар кеп.

Жау жоқ қазір, бұл тауларда
неше түрлі аңдар бар,
Жау үңгірін емін-еркін иемденіп қалғандар.

Жыңғыл өскен жыралар бар,
тобылғылы беттер бар,
Жабайы алма, жаңғақ өскен,
доланалы жақпарлар.

Өр кеуделі тастары бар, қына басқан,
мұк басқан,
Түйе тауға теңдейді ылғи теңкиген бұлт
түкті аспан.

Таң атады, кербез ару – Күн кірпігін ашады,
Қолын созған шоқыларға қызыл нұрын шашады.

Таң нұрымен, күн нұрымен құлпырады тау іші,
Тасқа соғып, жаңғырығып, зораяды дауысы.

Жапырақтар шып-шып терлеп,
мөлтілдейді таңғы шық,
Алтын сөуле ажарланып, масайрайды тау құшып.

Судан жеңіл бу үшады, сағаменен көлбейді,
Шөптің басын жаймен ғана самал сипап тербейді.

Сылдырайды күміс бұлақ арасымен тастардың,
Шығады елік назданысып ішінен шоқ жас талдың.



Жан-жағына қарап қойып, жақындаиды суатқа,
Қыран қалқып айналып жүр,
айналып жүр жыракта.

Бір құystan шығады аю аузын ашып есінеп,
Корбаңдайды баласы оның аяғын сап төсіне.

Бір қапталда суылдайды кілең қайың ақ балтыр,
Биігінде қасқарып бір ай мүйізді арқар тұр.

Тарғыл таудың ең ұшында – бір тұп кепкен қарағай,
Сол биіктен тіршілікке тұрды қарап жағалай.

Кеудесінде жаны барға болмайды өсте мұны ұқпай,
Туған жерден алыстап ол семіп қалған мұңлықтай.

Батыр бабам жау қуғанда таудан өрі асырып,
Сол биікке көмген болар бетін таспен жасырып.

Сол бір тұрған қарағайға Құн де басын иеді,
Бабамның ол қара тасты жарып шыққан сүйегі...

МЕН – ХАЛҚЫМНЫҢ ПЕРЗЕНТИМІН

Өмірден анам менің ерте кеткен,
Тағдырым талайымды өртең еткен.
Сол күннен елім еді, халқым еді
Анамдай ес білгеннен еркелеткен.

Көгімнен тұманды айдал, дала сырды,
Көзімді ел көкжиектен өрі асырды.
Осылай о бастан-ақ халқым мені
Өсірді тек өзінің баласы қып.

Көлкітіп, көңілімді таза қылған,
Жанымда Жайық болып жазы ағылған,



Дарытқан дархандығын ақ сутімен
Халқымнан, айналдым мен қазағымнан!

КӨКТӨБЕНИҢ БАСЫНДА

Көктөбе, сенің басында
Қалама қанбай қараймын.
Сұлусың неткен, расында,
Алматым, менің арайлым!

Жүрегім шырқап ән салып,
Күй болып кеудем кеткендей.
Қуанып тұрмын соншалық,
Төбем бір көкке жеткендей.

Шіркін-ау неткен ауа бұл,
Кеңейіп кетті-ау дала тым.
Иығымдағы ала бұлт –
Ұшатын менің қанатым.

Қараймын шалқар қалама,
Айнала қалқып үшсам деп;
Қанатым жайып жіберіп
Сол күйі тұтас құшсам деп.

БОЛАШАҚ БІЗДІҢ КЕЛІНДЕР

Тігілген қала сыртына
Сегіз мың қыздың ордасы.
Тоқиды мата журтына
Қанаттасып, қолдасып.

Комбинат – қала көктемі,
Көктемнің қыздар ажары.
Күндіз-тұн тыншу жоқ, тегі,
Қайнаған құстың базары.



Шырағын жаққан үміттің
Бағлан қыздар, бал қыздар.
Әрқайсы талай жігіттің
Арманы болар жалғыздар.

Біреумен, сірә, танысып,
Киноға барса, аз айып.
Төсекте қызып, қаны ысып,
Тұс көріп шығар ғажайып.

Оу, шіркін, от боп жанатын
Алаңсыз, қамсыз жастық шақ!
Қағады қыздар қанатын
Қонайын деген бак құсап.

ТҮЙЕЛІ АУЫЛДАҒЫ КЕШ

Қызылтым жер бетінде ағын жүріп,
Еңкейіп Құн әкетті сағымды іліп.
Коңыр кеш қонақтады Бұргендіге,
Түйенің шығады үні сағындырып.

Тыңдауға оны мәңгі дала дайын,
Келе кеп иірілді анадайын.
Адасқан енесінен үкі бота,
Құдай-ай, сынсиды тап баладайын.

Сол дауды мұңайтқандай келені аздал,
Шығады қарсы беттен ене боздал.
Зарлы үні ауық-ауық естілгенде,
Тұрасың көзіңе жас келе жаздал.

Табысып бота еркелер енесіне,
Қоймайды-ау «айналайын» демесіңе.
Боз інген ертіп алып ботақанын,
Жарықтық, аяндайды өз келесіне.



Қоңыр кеш бара жатыр қоюланып,
Елтисің бір сезімге бой уланып.
Дүние тұтас мұлгіп тынышталған,
Сырмақтай көкте уақ бұлт оюланып.

Даланың шамы дерсің туған Айды,
Ақ нұрга малындырып тұр маңайды.
Бүйірқұм, бурген, жусан иісі өтір,
Өсірген бұл табиғат құмға майды.

Жағалай от ойнатып жерошағы,
Киіз үй қоңыр беттен өрі асады.
Мынасы, отауымен оқшау тұрған,
Інгендей тайлағы ерген жарасады.

Жайылған ақ дастарқан – үйдің алды,
Ауыл-үй әңгімеге жиылады.
Шемішпен ақын аға кесесіне
Жұп-жұмсақ Ай сөулесі құйылады.

Өнерге өуелден-ақ дала ғашық,
Кетті ғой ақын көңіл ала қашып.
Қыздырып бара жатыр денелерді,
Отты жыр шуақпенен араласып.

Меніңше, осылардың бәрі босқа,
Жыр емес, сұлу тұннің сөні басқа.
Ботамен ойнаған бол қонақ жігіт
Тастайды көз қызын қарындасқа.

Айлы тұн, жұлдыздары жымындастан,
Сырлы тұн, сыйырласқан, сырныңды ашқан.
Сай жакта өлдекімдер қарандайды...
О, шіркін, тамаша ғой бүгінгі аспан.



ДИҚАН

Тек бір соған мәлім шығар жер шегі,
Адымымен қашшама оны өлшеді.

...Жер бетінде қозғалады көлеңке,
Қозғалады жердің тірі бөлшегі.

Жұмыр жерге сол арқылы жан кірген,
Ол келгенде құлпырады таң бірден.
Жермен бірге ыстық күнде түтеп ол,
Жермен бірге жуынады жаңбырмен.

Жер өртенсе, отына да ол түседі,
(Бұл өзгеше махаббаттың күші еді).
...Ожау болып қолындағы күрегі,
Жер көмейі бұлкілде су ішеді.

Көк егіннен көгілдір бу үшады,
Ол да өзінің құшағына үсады.
Бу болып сол алып құшақ жайылып,
Туған жерін айқара кеп құшады.

Көк егінмен жаны оның бір, тегі,
Оған төнген дауылды да іркеді.
Егінің Күн маңдайынан сипалап,
Саусағының сары алтынын сүртеді.

Бұл өнерде одан ешкім асқан ба,
Гүл өсіріп шығарады тастан да.
Қарайды да ол туған жерге құмартып,
Көзіменен көтереді аспанға.

Құдіретімен қуаң жерде су ақты,
Күннен жерге бұрган да сол шуакты.
Егінжайда мәлтілдеген таңғы шық
Моншактаған соның тері сияқты.



ШОПАН

Күнмен бір шығып қияға,
Күнменен бірге болатын,
Сенсің тек құтты үяға
Күнменен бірге қонатын.

Күнменен жолың бір десем,
Пайдаң да сенің Күнге есеп.
Төрінде өзің жүрмесең,
Даланың сөні кіrmес ед.

Қайсымыз сендей болыш ек,
Еңбегі мұнша өтелген.
Отанның жұмсақ қолы боп,
Сағым да сені көтерген.

ШІРКІН, АДАМ!

Шіркін, Адам – дүниенің тұлғасы,
Керемет қой құдіретің, келбетің.
Шіркін, Адам – дүниенің құрдасы,
Гүлге орадың мынау жұмыр жер бетін.

Қатпар-қатпар таулар – сенің маңдайың,
Мәңгі бақи жасап келе жатырсың.
Мәңгі бақи тіршіліктегі өрдайым
Диқансың сен, ақынсың сен, батырсың.

Жер үйықтады, сен өлдилеп тербесең,
Сенсіз тіпті тіршілік жок өлемде.
Құдірет боп жараптың да жерде сен
Күн мен Айды айналдырың төбенде.

Шіркін, Адам, аспан-дағы ақыры
Сенің төтті өніңменен үйип түр...
Мынау шексіз дүниенің ақылы
Жұдырықтай басқа қалай сыйип түр?!

АЛЬПИНИСТ

Шатқал төске өрмелеген ертесін
Альпинист көп қалдырды тау өркешін.

Бұлт ішінде бұлдырайды биік шың,
Қайсар жаны жетпей қалай иіксін?

Тиянақ қып тайғақ тасын қашады,
Төуекелмен қынға нық басады.

Тайып кетсе, тез қарманып тұрады,
Тағы-тағы өрге құлаш ұрады.

Альпинистің өр мінезі жанымды
Жетеледі, қуат берді жалынды.

Адам да бір альпинист қой, шынында,
Үмтылатын алға, өмір шынына.

МЕН ЖӘНЕ ӨМІР

«Ал!» дегенде, басқадан бұрын шаптым,
Кейде тіпті орынсыз үрыншақпын.

Тұтанып сөл үшқыннан жанам лаулап,
Бойымда жалындаған жігер қаулап.

Албырт жас, өз отыңа кетпе жанып
Дегендей болады өмір сабырлы ағып.

Көңілім өлденеден оранды мұң,
Мен онда қара түнек борандымын.

Суықпын бұлтты сөтте, бастан кешкен,
Азынаймын, үйтқимын астан-кестен.



Мейірлі өмір тұрады күліп маған,
Жаным жылып, әп-сөтте тынышталам.

Шартарапқа бойлайды көзім алыс,
Дариядай шалқиды көңіл-ағыс.

Жетегінде арындаң басам аңқау,
Аңғармаймын жолымда тұрса жар, тау.

Өмір, шіркін, әйтсе де саспайды екен,
Иір-иір жолға сап бастайды екен.

БІР КҮН

Күн шығады, Күн батады – осы енді,
«Бір күн» деген – уақыттың өлшемі.
Ал енді сол бір күніңіз – бір ғұмыр,
Қалай ғана ойландырmas ол сені?

От та лаулап, от та қайта сөкеді,
Гүл де жайнаң, гүл де қайта семеді.
Толықсып кеп тасып жатқан дүние
Бірін бірі ығыстырып келеді.

Күнде қайта жаңарып таң атады,
Күн шығады, ол Күн қайта батады.
Соныменен мәңгілік бұл уақытта
Күндер туып, күндер өліп жатады.

Бір күн саған бақыт беріп өтеді,
Сондай күндер келе берсе не етеді?!
Бір күн сенің жанарыңың отын ап,
Бір күн сенің өзінді алып кетеді.

Бір іс бітсе, тосады алда бір ісің,
Сен де өмірге көп қонақтың бірісің.
Сондықтан ғой, айналайын досым-ау,
Жанталасып жүргенім өр күн үшін.